

«Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ

**«Спорт – елдің мерейін асырып, абыройын тасытатын сала»
тақырыбындағы дене шынықтыру
онкүндігі бойынша есеп**



**Дайындаған МО жетекшісі:
Тайшыбаев Д.К**

2025-2026 оқу жылы.

Дене шынықтыру және спорт онкүндігі жоспары

План работы по декаде физической культуры и спорта

№	Тақырыбы Тема	Күні Дата	Жауапты Ответственные	Сынып Классы
1	«Мергендер» «Снайперы»	14.10.2025	Дене шынықтыру мұғалімдері	5 – 9
2	«Жанглерлер» «Жанглеры» Ашық сабақ «Допты екі қадам жасау арқылы лақтыру»	15.10.2025 3 сабақ	Дене шынықтыру мұғалімдері Акпанбаев Д. К	5 – 10 9 «А»
3	«Спорт менің өмірімде» сурет сайысы Конкурс рисунков «Спорт в моей жизни»	16.10.2025	Дене шынықтыру мұғалімдері	1 - 10
4	«Ұлттық ойындар» «Национальные игры»	17.10.2025	Дене шынықтыру мұғалімдері	1 – 5 6 – 9
5	Эстафета күні День эстафеты	20.10.2025	Дене шынықтыру мұғалімдері	1 – 4
6	«Ойлан тап» жұмбақ сайысы «Отгадайка» конкурс загадок.	21.10.2025	Дене шынықтыру мұғалімдері	1 – 4 5 – 10
7	«Шахмат» күні День «Шахмат»	22.10.2025	Дене шынықтыру мұғалімдері	5 – 10
8	«Тоғыз құмалақ» күні День «Тоғыз құмалақ» Открытый урок «Баскетбол – штрфной бросок»	23.10.2025 1 урок	Дене шынықтыру мұғалімдері Баймагамбетов Д. Е	5 – 10 9 «Б»
9	Ашық сабақ «Воллейбол – допты жоғарыдан және төменнен қабылдау» «Воллейбол» турнирі Турнир по «Воллейболу»	24.10.2025 6 сабақ 20:00 – 21:30	Тайшыбаев Д. К Дене шынықтыру мұғалімдері	6 «А» 8,9,10 – пед.коллектив
10	Жабылу салтанаты Марапаттау. Закрытие декады Награждение.	14:00	МО жетекшісі	

Дене шынықтыру онкүндігі бойынша есеп

14-24 қазан аралығында «Дене шынықтыру және спорт онкүндігі» өтті.
Жоспарланған кестеге сәйкес, онкүндік барысында әртүрлі іс-шаралар өткізілді.

Тақырыбы: «Спорт – елдің мерейін асырып, абыройын тасытатын сала»

Мақсаты: оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру арқылы мектебіміздің мәртебесі мен беделін арттыра отырып, спортта керемет жетістіктерге жете алатын оқушыларды тәрбиелеу.

14 қазан күні 5-9 сыныптар арасында «Мерген» атты жарыс өткізілді.

Жарыстың мақсаты: оқушылардың баскетбол ойынына деген қызығушылығын арттыру.

Бұл жарыста оқушылар баскетбол добын әртүрлі қашықтықтан шеңберге лақтырып тигізу керек еді. Барлық оқушылар белсенді қатысты. Жарыс соңында сыныптар бойынша жүлделі орындар келесідей анықталды:

I жүлделі орын – 9 «А» сынып оқушылары.

II жүлделі орын – 7 «А» сынып оқушылары.

III жүлделі орын – 6 «А» сынып оқушылары.

8 «А» сыныбының оқушылары белсенді қатысқандары үшін грамоталармен марапатталды.



15 қазан күні 5-10 сыныптар арасында «Жонглер» атты жарыс өткізілді.

Жарыстың мақсаты: оқушылардың волейбол ойынына деген қызығушылығын арттыру болды.

Бұл жарысқа әр сыныптан бір ұл және бір қыз қатысты.



Сондай-ақ 15 қазан күні 9 «А» сыныбында ашық сабақ өткізілді.

Сабақтың тақырыбы: «Допты екі қадам жасау арқылы лақтыру»

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға екі қадам жасау арқылы доп лақтыру тәсілін үйрету. Лақтыру кезінде дене қимылдарын үйлестіру дағдыларын қалыптастыру. Ептілік, дәлдік және қозғалыс мәдениетін дамыту.

Өткізген дене шынықтыру мұғалімі: Ақпанбаев Д.Қ.



16 қазан күні 1-4 сыныптар арасында дене шынықтыру және спорт онкүндігіне арналған «Спорт менің өмірімде» атты сурет салу байқауы жарияланды.

Жарыстың мақсаты: оқушылардың әртүрлі спорт түрлеріне қызығушылықтарын арттыру.

Бұл байқауда мектепке дейінгі «А» сыныбының балалары және 1 «Б» сыныбының оқушылары белсенді қатысып, мадақтамалармен марапатталды.



17 қазан «Ұлттық ойындар» күні 1-5 және 6-9 сынып оқушылары арасында «Бес асық» және «Асық ату» жарыстары өткізілді.



Сондай-ақ, аудандық «Бес асық» байқауында ерекше көзге түсіп, жүлделі 1 орынға иеленген 9 сынып қыздарын атап кеткім келеді. Аудан бойынша бірінші орын алғандары үшін, осылайша облыстық турға Зерендіде ауданымыздың абыройы қадір-

қасиетін қорғауға жіберілген оқушыларға алғысымыз шексіз.



20 қазан күні бастауыш сынып оқушылары үшін «**Эстафета**» күні болды. Бұл күні бастауыш сынып оқушылары үшін әртүрлі спорттық ойындар өткізілді. Сыныптардағы түгел балалар барлық ойындар мен жарыстарға белсенді қатысты.



21 қазан жұмбақтарға арналды. «**Жұмбақ күні**». 1-4 және 5-10 сыныптар арасында спортқа қатысты викториналар, тренинг сұрақтары және жұмбақтар жасырылды. Көптеген сұрақтар талқыланды, мысалы: Адамдарға спорт не үшін қажет? Ол біздің өмірімізде қандай рөл атқарады? Оқушылар сонымен қатар өздеріне дайындалған кроссвордтар мен жұмбақтарды шешті. Осы күні әрбір оқушының белсенділігі мен ақыл-ойының өткірлігін байқадық. Сол сәтте әр баланың көзінен спорттың өмірлерінде маңызды рөл атқаратынын көрдік.

22 қазан «Шахмат күні».

Мақсаты: шахматты танымал ету, логикалық ойлауды дамыту және интеллектуалдық ойындарға қызығушылықты арттыру.

Іс-шара бағдарламасы:

- Ұйымдастырушылардың ашылу және құттықтау сөздері;
- Шахматтың қысқаша тарихы және мерекенің маңыздылығы;
- Әртүрлі жас топтарындағы қатысушыларға арналған шахмат турнирі;

Күтілетін нәтижелер: Шахматқа деген қызығушылықты арттыру, спорттық рухты дамыту және қатысушылар арасындағы достықты нығайту.



23 қазан «Тоғыз құмалақ» ойынына арналған.

Іс-шараның мақсаты: «Тоғыз құмалақ» ұлттық интеллектуалдық ойынын танымал ету, логикалық және стратегиялық ойлауды дамыту, сондай-ақ дәстүрлі қазақ спорт түрлеріне қызығушылықты арттыру.

Іс-шара бағдарламасы:

- Ұйымдастырушылардың ашылу және құттықтау сөздері;
- «Тоғыз құмалақ» ойынының тарихы мен ережелерімен қысқаша таныстыру;
- Әртүрлі жас топтарындағы қатысушыларға арналған турнир;
- Тәжірибелі ойыншылардың шеберлік сабағы;
- Қорытынды және марапаттау рәсімі.

Күтілетін нәтижелер:

Қатысушылардың ұлттық мәдениет туралы білімдерін кеңейту, олардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту және дәстүрлі ойындарға қызығушылықтарын арттыру.



Тағы 23 қазан күні 9 «Б» сыныбында ашық сабақ өткізілді.

Сабақтың тақырыбы: «Баскетбол - еркін лақтыру».

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың баскетбол бойынша негізгі дағдыларын дамыту.

Өткізген дене шынықтыру мұғалімі: Баймағамбетов Д.Е.



24 қазан күні 6 «А» сыныбында ашық сабақ өткізілді.

Сабақтың тақырыбы: «Воллейбол – допты жоғарыдан және төменнен қабылдау»

Сабақтың мақсаты: Бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегияларын мен құрылымдық идеяларын қолдану және бағалау.

Өткізген дене шынықтыру мұғалімі: Тайшыбаев Д.К.



Сондай-ақ, бұл күні 8-10 сынып оқушылары мен мектеп мұғалімдері арасында волейболдан жарыс өткізілді. Үш команда қатысып, жүлделі орындарға иеленгендер:

I жүлделі орынға иеленген – «Қыздар» командасы

II жүлделі орын иеленген – «Ұстаздар» командасы

III жүлделі орын иеленген – «Ұлдар» командасы болды.



Онкүндіктің аяқтау барысында 24 қазан күні мектеп тақырыптық жиынында барлық іс- шаралар үшін марапаттар табысталды.

Дене шынықтыру және спорт онкүндігіне белсенді қатысқан барлық оқушы.
мен ұстаздарға үлкен алғысымды білдіремін.



Мектеп директоры

